



Қазақстан Республикасының аумағында Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің инспекцияларын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 8 тамыздағы № 302 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 10 тамызда № 33266 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысының 15-тармағының 233) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің инспекцияларын ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интернет-порталында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

А. Саткалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қазақстан Республикасының аумағында Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің инспекцияларын ұйымдастыру қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің инспекцияларын ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 233) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Қазақстан Республикасы мен Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік арасындағы Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа байланысты кепілдіктерді қолдану туралы келісімді бекіту жөнінде" 1994 жылғы 26 шілдеде қол қойылған және Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы № 2344 Жарлығымен ратификацияланған Қазақстан Республикасы мен Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік арасындағы Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа байланысты кепілдіктерді қолдану туралы Келісімге (бұдан әрі – Кепілдіктер туралы келісім) және "Қазақстан Республикасы мен Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік арасындағы Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа байланысты кепілдіктерді қолдану туралы келісімге қосымша хаттаманы ратификациялау туралы" 2004 жылғы 6 ақпанда қол қойылған және Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Кепілдіктер туралы келісімге Қосымша хаттамаға (бұдан әрі – Қосымша хаттама) сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің инспекцияларын ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – атом энергиясын пайдалану саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) пайдаланушы ұйым – атом энергиясы пайдаланылатын объектілермен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен анықтамалар Кепілдіктер туралы келісімге, Қосымша хаттамаға және "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келеді.

2-тарау. Қазақстан Республикасының аумағында Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің инспекцияларын ұйымдастыру

3. Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (бұдан әрі – АЭХА) Қазақстан Республикасының аумағында инспекция жүргізу үшін уәкілетті органға алдын ала жазбаша хабарлама жібереді.

4. АЭХА инспекторларын тағайындау кезінде уәкілетті орган Кепілдік туралы келісімнің 84-бабына сәйкес АЭХА инспекторы ретінде Қазақстан Республикасына ұсынылатын әрбір лауазымды тұлғаның тегі, біліктілігі, азаматтығы, лауазымы және қажет болуы мүмкін барлық басқа да мәлімет туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетін жазбаша хабардар етеді.

5. Уәкілетті орган АЭХА-ның инспекция жүргізу туралы хабарламасын алғаннан кейін мынадай іс-шараларды жүргізеді:

1) бір жұмыс күні ішінде пайдаланушы ұйымға алдағы инспекция туралы жазбаша нысанда хабарлама жібереді. Хабарламада Кепілдіктер туралы келісімнің 82-бабына сәйкес инспекция түрі, АЭХА инспекторларының паспорттық деректері, инспекцияны жүргізу мерзімдері және АЭХА инспекторлары жоспарлаған іс-шаралар тізбесі көрсетіледі;

2) пайдаланушы ұйымның АЭХА инспекторларымен өзара іс-қимылын үйлестіруді жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Кепілдіктер туралы келісімнің 85-бабына және 1959 жылғы 1 шілдеде қабылданған және "Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған АЭХА артықшылықтары мен иммунитеттері туралы келісімнің IX бабына сәйкес Қазақстан Республикасына тағайындалған әрбір инспекторға визаларды береді және (немесе) жаңартады.

7. Инспекцияны жүргізу кезінде уәкілетті орган мен пайдаланушы ұйым Кепілдіктер туралы келісімнің 87-бабына сәйкес инспекцияларды жүзеге асыруға көмек көрсетеді.

8. Кепілдіктер туралы келісімнің 88-бабына сәйкес арнаулы мақсаттағы инспекция жүргізу кезінде АЭХА инспекторларына уәкілетті орган қызметкерінің ілесіп жүруін қамтамасыз етеді.

9. Инспекция жүргізілгеннен кейін АЭХА уәкілетті органға Кепілдіктер туралы келісімнің 89-бабында көрсетілген мерзімдерде нәтижелер туралы хабарлайды.

10. АЭХА инспекторларының пайдаланушы ұйымның аумағына қосымша кіруі Қосымша хаттаманың 4 және 5-баптарына сәйкес жүргізіледі.